

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

Қорытындылай келе, Қазақстанда корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік тұрақты даму және халықаралық интеграция жағдайында ерекше өзекті болып келеді. Сол себепті жүргізіліп жатқан мемлекеттік іс-шаралар, сараптамалық зерттеулер мен талдаулар отандық бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін дамытуға, оның проблемалары мен оларды шешу жолдарын анықтауда ерекше ықпалын тигізетіні сөзсіз.

Қолданылған әдебиет

1. Мукашева Ж.Б. Корпоративная ответственность бизнеса как многоуровневая система. Вестник КазНУ, Алматы 2014 // <http://articlekz.com/article/8804>
2. Онгарбаев Н. Корпоративная социальная ответственность: основные аспекты// <http://dostykadvisory.kz/publications/article3.html>
3. United Nations Global Compact// <http://www.unglobalcompact.org/AboutTheGC/index.html>
4. «Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі бойынша тұжырымдама қабылданды» // <http://fprk.kz/kk/node/670>
5. «Корпоративная социальная ответственность в Казахстане: ситуация, проблемы и перспективы развития» // http://ngoexpert.kz/upload/files/issledovaniyu_kso_sandj_dlya_fonda_evraziya_2013.pdf
6. Исахова П.Б. Социальная ответственность бизнеса как элемент совершенствования бизнеса. «Спектр развития», 2008, №№5-6, с.20-24

ӘОЖ 546.113

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТАУ-КЕН САЛАСЫН БАСҚАРУ: ПРОБЛЕМАЛАР МЕН ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

Мухаметқанова Айымгүл Жанатханқызы, Әмірғали Темірлан Серікұлы
aiko_26.1994@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, «Менеджмент» мамандығының 4 курс студенттері,
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі: Сабирова Р.К., э.ғ.к. «Менеджмент» кафедрасының доценті

Тау-кен металлургия кешені – бұл Қазақстан өнеркәсібінің барынша бәсекеге қабілетті және серпінді дамып келе жатқан секторларының бірі. Онда негізгі кәсіптегі 300 мың адам жұмыспен қамтылған. Қазақстанда хром кенінің әлемдік қорының 30%-ы, марганец кенінің - 25%-ы, темір кенінің -10%-ы шоғырланған. Мыс, қорғасын және мырыш қоры әлемдік қордың тиісінше 10% және 13%-ын құрайды. Қазақстан Республикасының жалпы геологиялық көмір қоры мен болжамды ресурстары 150 млрд. тоннаға бағаланады. Осылайша Қазақстан мырыш, вольфрам, және бариттің барланған қоры бойынша бірінші орынды, күміс, қорғасын, хромиттер мен уран бойынша – екінші, мыс бойынша – үшінші, молибден бойынша – төртінші, кобальт бойынша – бесінші, алтын мен көмір бойынша алтыншы, алтын бойынша – жетінші орынды иемденеді. Менделеев кестесінің 105 элементі ішінде Қазақстанның жер қойнауында 99 элемент анықталған, 70 элемент бойынша қорлары барланған, 60-тан астам элемент өндіріледі.

Кесте 1-Қазақстанның негізгі пайдалы қазбалары


Пайдалы қазбалар түрі	Теңгерімді қорлар (тонна)	Әлемдегі орны (қорлар бойынша)	Әлемдегі орны (кенде қамтылым бойынша)
Теміркені	18 600 000 000	6	7
Марганец кені	635 200 000	4	10
Хром кені	382 700 000	2	1
Бокситтер	365 400 000	12	н/д

Қорғасын	17 200 000	5	41
Мырыш	39 800 000	5	40
Мыс	39 300 000	12	63
Титан	24 100 000	10	15
Вольфрам	2 100 000	1	25
Алтын	2 232,6	15	2
Күміс	53 204	4	31
Қалайы	69 300	10	23
Уран	1 600 000	2	д/ж
Таскөмір	150 000 000 000	8	д/ж

Еліміздің жер қойнауындағы табиғи байлықтарын зерттеуде Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың орны ерекше. Қ.И.Сәтбаев ең алғашқылардың бірі болып еліміздегі минералдық ресурстарды зерттеген болатын.

Геологиялық зерттеудің нәтижесінде Қазақстан жерінде әртүрлі пайдалы кендердің соншалықты мол екендігі, бұл жөнінен оны Одақтың және бүкіл дүние жүзі белгілі тау-кен аудандарының ешбірімен салыстыруға болмайтындығы анықталды. Тіпті қазір, әлі толық зерттеліп бітпеген уақыттың өзінде Қазақстан хромның, ванадийдің, темірдің, мыстың, қорғасынның, вольфрамның, фосфориттің қоры жағынан дүние жүзінде бірінші орын алады.

Қазақстан ТМК өндірісінің ұлғаюы қарқынына соңғы жылдары жаңа зауыттар салу, жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың қуатын ұлғайту және оларды реконструкциялау ықпал етті. 2005-2011 жылдар кезеңінде ТМК-дағы инвестициялардың жиынтық көлемі 2 026 млрд. теңгені құрады, олардың 788 млрд. теңгесі түсті металдар кенін өндіруге байланысты инвестицияларға, 197 млрд. теңгесі – темір кенін өндіруге, 362 млрд. теңгесі – қара металдар өндірісіне, 679 млрд. теңгесі – түсті және асыл металдар өндірісіне тиесілі.



Сурет 1-Қара және түсті металдар кенін өндіру көлемі (мың тонна)

2012 жылы Қазақстанда 52 577 мың тонна темір кені (2011 жылмен салыстырғанда +1,5%), 38 353 мың тонна мыс кені (+11,2%), 4 806 мың тонна мыс-мырыш кені (-1%), 5 170 мың тонна бокситтер (-5,9%), 2 942 мың тонна марганец кені (-0,2%), 5233 мың тонна хром кені (+3,4%) өндірілді. Республикада 2012 жылы тас көмір өндіру көлемі 107253,7 мың тоннаны, қоңыр көмір - 7715,4 мың тоннаны құрады.

ҚР Статистика агенттігінің деректері бойынша Қазақстанда ферроқорытпа өндірісінің көлемі 1 724 млн. тонна (2011 жылмен салыстырғанда +3,3%) болды, олардың ішінде феррохром үлесіне 1 305 566 тонна, ферросилиция – 492 тонна, ферросиликомарганец – 251 445 тонна, ферросиликохром – 164 854 тонна тиесілі. ҚР-да тазартылмаған болатты шығару 2012 жылы 3,770 млн. тоннаны (2011 жылмен салыстырғанда -21,6%) құрады, бұл ретте 2 373 мың тонна тегіс прокат, 464 046 тонна мырышталған прокат, 147 383 тонна ақ қалайы және күйдірілген табақ прокаты шығарылған.

Кесте 2- Экономикалық қызмет түрлері бойынша өнімнің нақты көлем индексі (алдыңғы жылға %-бен)[5]

Экономикалық қызмет түрі	2006	2007	2008	2009	2010	2011	2012
Тау-кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді әзірлеу	107,3	103,6	105,9	107,2	107,2	101,3	100,2
Көмір мен лигнит өндіру	111,2	96,1	120,0	90,8	104,4	106,0	101,7
Теміркенін өндіру	111,5	105,0	87,6	100,1	113,4	101,7	100,9
Түсті металдар кенін өндіру	109,0	106,2	108,4	107,3	105,7	99,9	106,1
Өңдеуші өнеркәсіп	107,2	108,6	97,5	97,1	113,9	106,2	100,7
Қара металлургия	101,5	113,0	86,6	101,6	109,4	105,6	88,0
Негізгі асыл және түсті металдар өндірісі	107,2	99,6	104,5	92,0	115,7	107,2	106,9
Машиналар мен жабдықты қоспағанда, дайын металл бұйымдар өндірісі	132,0	134,7	93,3	102,4	98,2	112,2	97,8

Бүгінде Қазақстан тау-кен металлургия кешені шикізат экспортына және бастапқы металдар өндірісіне бағдарланған. Мысалы, елдің жалпы экспорты көлеміндегі металлургия үлесі 2012 жылы экспорттың жалпы көлемінің 11,9 пайызын құрады. Төменде ТМК-ның экспортталатын өнімінің негізгі түрлерінің тізбесі, сондай-ақ бұл өнімді импорттаушы елдердің тізімі берілген.

Кесте 3-Қазақстан ТМК өнімі экспортының негізгі бағыттары [3]

Өнім түрі	Негізгі импорттаушы ел
Көмір	Ресей
Теміркені мен шөкемтастар	Ресей
Сазбалшық (алюминий оксиді)	Ресей
Алюминий	Ресей, Қытай
Ферроқорытпалар	Қытай, Ресей, Германия, Жапония, Оңтүстік Корея
Мырыш	Қытай, Италия, Нидерланды
Қорғасын	Швейцария, Испания
Мыс	Қытай, Ұлыбритания
Алтын	Швейцария, Италия, БАӘ
Күміс	Ұлыбритания, Германия және Швейцария
Сирек және жерде сирек кездесетін металдар	АҚШ, Жапония, Нидерланды, Оңтүстік Корея, Ресей

2013 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстанның металлургия саласында 62 кәсіпорын жұмыс жасайды. Бұл ретте ҚР ИЖТМ Геология комитетінің деректеріне сәйкес республикада жалпы таралған пайдалы қазбалардың 1115 жер қойнауын пайдаланушы, қатты пайдалы қазбалардың 241 жер қойнауын пайдаланушы және жерасты суларын өндірумен айналысатын 158 жер қойнауын пайдаланушы тіркелген.

Отандық кен мен металл өндірушілер «Қазақмыс», «Қазцинк», «ССГПО», «Қаз-хром», «Қазақстан алюминий», «Қостанай минералдары», «Қазақалтын», т.б. бірлестіктердің тау-кен және металлургиялық кәсіпорындары. Өкінішке орай, бұлардың бәрі шетел компанияларының меншігінде. Ал оларда қолданатын құрал-жабдық пен технология кеңес дәуірінен қалған, бірен-саран өндірістер ғана жаңартылған.


Тау-кен металлургия кешені еліміздің ІЖӨ-нің 15,7 пайызын құрайды[4]. Және оның экспорттағы үлесі 12,9 пайыз[5]. Бірақ тау-кен металлургия кешенінің 85 пайыздан астам өнімі экспортқа шикізат, концентрат түрінде шығарылады. Ал металдар және олардан

жасалатын өнімдер экспорттың 14 пайызына зорға жетеді. Шетелдерге сатылатын тауарлардың құндылығы үшінші-төртінші буында өнделетін дайын өнімнің бағасынан жүз еседен астам төмен. Оның үстіне экспорттан түсетін жалпы қаржының тек бестен бір бөлігі бюджетке түсіп, қалғандары инвесторлардың қалтасында қалып отыр. Ал, дамыған елдерде (Ұлыбритания, Норвегия, Швеция және т.б.) мұнай-газdan мемлекеттің бюджетіне түсетін пайда 80-85 пайызды құрайды.

Сатудан түскен табысты бөлуде аталған кемшіліктерге қарамастан, еліміздің бюджеті негізінен, минералды шикізатты экспорттаудан құралып отыр. Бірақ экономиканың мұндай құрылымының болашағы жоқ екендігі айдан анық. Президент Н.Ә.Назарбаев бұл мәселеге жіті көңіл аударуда. Соған қарамастан, еліміздің экономикасында «шикізаттық» модель әлі де басым болып келе жатыр.

Бірінші және екінші буында өңделген минералды шикізат өнімін сату әлемдік нарықта алдын ала болжанбайтын өзгерістерге жылдам ұшырайтыны белгілі жәйт, мұны өткен жылдардағы қаржылық-экономикалық дағдарыс жақсы көрсетті. Шикізат құны 2-4 есеге дейін құлдырады.

Осы тұста академик Рақышев «Шикізатты белсенді өндірудің қармағынан шығу үшін тау-кен металлургия саласында екі үлкен мәселені мемлекет деңгейінде шешу қажет. Алғашқысы – минералды шикізатты толықтай және кешенді пайдалану. Екінші мәселе – қосымша құндылығы жоғары өнімді шығаруға тезірек көшу» деп атап көрсетеді[6].



Дереккөзі [7]

Сурет 2- Тау – кен өндірісі саласындағы өндіріс көлемі

2015 жылдың қаңтар – қазан айлары аралығында өндіріс көлемі 2014 жылдың осы кезеңіне қарағанда 1,3% ға төмендеген. Төмендеу тау – кен өндірісі саласындағы өндіріс көлемінің азаюымен түсіндіріледі. Ендеше осы саланы тереңінен қарастырып көрелік.

Жоғарыдағы диаграммалардан көріп тұрғанымыздай тау – кен саласындағы өндіріс көлемі 2,2%-ға төмендеген. Соның ішінде мұнай өндіру 1,3% -ке, металл және темір кенін өндіру 2,2% және 19,9% -ға сәйкесінше төмендеген. Керсінше түсті металлдар кенін өндіру 4,0% өскендігін байқауға болады.

Қорыта келе Қазақстандағы металлургияның жағдайына мынадай сипаттама беруге болады:

1. Кен орындарындағы және оны өндіру барысындағы қатал және қиын жағдайдың орын алуы.
2. Кен орындарын таңдап өндіру олардың уақытынан тез таусылуына және құнсыздануына әкеліп соғуда.
3. Негізгі өндіріс қорларының моральдық және физикалық тозуға ұшырауы.
4. Дамудағы инвестициялық белсенділіктің әлсіздігі.

5. Сыртқы нарықта металлургия саласының өнімдерінің бәсекеге қабілетсіз болуы.

Сонымен еліміздегі металлургия саласындағы негізгі проблемаларды төмендегідей көрсетсек болады:

1. Технологиялық жағдай, яғни өндірісте пайдаланылатын негізгі технологиялар мен техникалардың кеңес дәуірінен келе жатқандығы;

2. Шикізатқа негізделген экономика жүйесі, демек өңдеу сатысының болмауы және өте нашар дамуы;

3. Шикізатты өндіру кезіндегі қателіктерге жол берілуі. Өндіріс кезінде кенде кездесетін сирек кездесетін және аса бағалы металлдардың дұрыс технология бойынша бөлінбеуі.

4. Ғылыми – техникалық жүйенің әлсіздігі.

5. Отандық металлургиялық магнаттардың инвестицияны инновацияға құюға құлықсыздығы.

6. Мемлекет тарапынан нормативтік – құқықтық базаның әлсіз болуы.

Анықталған проблемаларды шешудің жолы ретінде келесі іс – әрекеттерді айтуға болады:

1. Мемлекет тарапынан құқықтық – нормативтік базаның жетілдірілуі және кәсіпорындарды сенімді заңдық нормалармен қамтамасыз ету

2. Ғылыми – техникалық базаны жетілдіру, жаңарту, жалпы модернизациялау

3. Жалпы экономиканы шикізаттықтан өңдеуші экономикаға айналдыру жолындағы кешенді іс – шаралар жиынтығы.

Қорыта келгенде, жер байлығын кешенді, ұқыпты пайдалану Қазақстанды экспортты-шикізатты елден ресурсты-инновациялық стратегияны жүзеге асырушы елге айналдырады. Мұнай-газ, кен-металлургия секторының жоғары деңгейде өндірілген тауарларын сатудан жинақталған қаржылық ресурстар экономиканың барлық салаларын жетілдіруге, оларды ойдағыдай қайта құруға, жоғары технологиялық ғылыми өнімдерді жасауды қалыптастыруға зор мүмкіндік береді. Ал машина жасау, құрылыс, басқа да өңдеу өнеркәсіп орындарын жандандыру жолында кен-металлургия саласы локомотив болуы анық, өйткені, олар өзара тығыз байланысты.

Қолданылған әдебиет

1. «VI Халықаралық тау – кен металлургия конгресі» Ресми каталог//Астана 2015ж

2. ҚР Қаржы министрлігі Кеден комитетінің деректері

3. www.xn //Қазақстанның даму банкі

4. <http://stat.gov.kz/> ҚР статистика агенттігі

5. Б.Р.Рақышев «Қазақ металлургиясы және оның екі проблемасы»

6. «Краткий обзор экономики Казахстана»// Национальный банк РК//2015г

7. «Металлургическая отрасль РК»//отчет, БРК Аналитика// 2015ж

8. <http://www.kazinvest.kz/>

9. Г.Аубакирова Индустриально – инновационное развитие Казахстана: Роль государства // М.: Экономикс 2015